



**Астана қаласы әкімдігінің
«І. Есенберлин атындағы №67 гимназия» ШЖҚ МКК**

**Кітапхананың жылдық есебі
2023-2024 оқу жылы**

№67 гимназия кітапханасының 2023 – 2024 оқу жылындағы


жасалынған жұмысының есебі.

Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы. Халқымыздың қилы тарихын, өнегелі әдеп-ғұрпы мен салт-дәстүрін, мәдени мұраларын, әдебиет қазыналарын, тереңнен толғайтын сөз өнерін оқырмандарға кітап арқылы насихаттайды.

Білім министрлігі бекіткен тізімі бойынша Білім басқармасына қажетті оқулықтар мен әдістемелік құралдарға және көркем әдебиеттерге сұраныстар беру арқылы кітапхана қоры толтырылып отырады. Биылғы жаңарып шыққан оқулықтар 2 – сыныптың орыс тілі кітаптары ---- дана оқулық және бастауыш сыныпқа арналған дәптері алынды.

2023-2024 жаңа оқу жылында мектептегі барлық оқушыларға оқулықтар таратылды. Алғашқы кезекте әлеуметтік жағдайы төмен және аз қамтылған отбасылардың балаларына оқулықтар берілді.

Жыл басындағы оқулық саны	Жаңадан келген оқулықтар саны	Есептен шығарылған оқулықтар саны	Қазіргі таңдағы оқулықтар саны
83909 (дәптерді қосқанда)	10851 (дәптерді қосқанда)	(дәптерді қосқанда)	78525(дәптерді қосқанда)



2023- 2024 оқу жылында жазылған мерзімді басылымдар **саны 32 дана, бағасы 249 434** теңгеге бағаланған. Сонымен қатар биылғы жылы 1 722 772 мың теңгеге 338 дана көркем әдебиет қорымызға келіп түсті. Фантазия жанрындағы әдебиеттерді алуға көбірек басымдық берілді. бастауыш сыныптарға арналған түрлі тақырыптарға ертегілер, орта буын оқушыларға арналған біраз авторлардың шығармалары алынды. Мектепке берілген жоспарлы мерзімді басылымдар толығымен орындалды. Оқу құралдарын тексерілу жұмыстары жылына 2 рет жүргізіліп отырады. Тексеру жұмысы жүргізілді нәтежесі жақсы.

2023-2024 оқу жылы	
Оқырман саны	1800

Келіушілер саны	9000
Кітап берілім	37000

Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін, оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында түрлі әдеби шаралар, кітап көрмесі, әртүрлі тақырыпқа байланысты бұрыштар ұйымдастырылады. Атап айтсақ, «Бір ел-бір кітап» 2024 акция аясында 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілетін Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқуға ұсынылды. Осыған орай, №67 гимназия кітапханашылары өз оқырмандарына, Б.Соқпақбаевтың шығармашылығына арналған кітап көрмесіне шолу өткізді. Шараның басты мақсаты қазақ әдебиетін насихаттау, қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, Қазақстанның әдеби мұрасын зерттеуге мүмкіндік туғызу, өскелең ұрпақтың зияткерлік-рухани дамуы мен ана тіліне деген құрметін көтеру. «Бір ел-бір кітап» акциясының мақсаты оқу мәдениетін қалыптастырып, қазақ классиктерінің шығармаларының кеңінен насихаттау. Аталмыш шара барысында оқушыларға кітап тақырыбында жұмбақатар жасырып, мақал мәтелдірді құрастырып оқу ойындары ойнатылды.



https://www.instagram.com/reel/C5gEUk_N3hU/?igsh=MTc4MmM1Yml2Ng==

2023 жылдың қыркүйек айының 28-інде Оралхан Бөкейхановтың 80-жылдығына арналған өлеңдерін, шығармаларымен танысу ұйымдастырылды. Мақсаты : Оралхан Бөкейдің өмірі мен еңбектері жөніндегі оқушылардың білімін тереңдету және талантты тұлғаның қайталанбас қасиеттерін оқушылар арасында насихаттау. Іс-шараға 10-шы сынып оқушылары ат салысты . Оралхан Бөкейдің көптеген шығармалары бар , соның ішінде 1982 жылы жарық көрген «Қар қызы» повесі оқушылармен талқыланды.



<https://www.instagram.com/p/CyC1uIztfVv/?igsh=MThrNjM4a296YnNxMw==>

«Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында жазушы Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл толуына орай, өмірімен, шығармаларымен танысу ұйымдастырылды. Өткізілген күні: 12.10.2023жыл, Өткізілген орны: Кітапхана, Қатысушылар: 8 «а», «ә», «д» сынып оқушылары мен ата-аналар, жетекшісі Сыздыкова Даржан Жумагазиевна, жауаптылар: А.С.Искакова, Есиркепова А.Т.

Мақсаты: Жазушы, Ұлы Отан соғыс ардагері К.Тоқаевтың өмірбаяны, атқарған қызметтері жайлы оқушыларға кең көлемде мағлұмат беру, кітаптарымен таныстыру, ерен еңбегін, еліміздің дамуына қосқан үлесін жас ұрпаққа үлгі ету, насихаттау. Ел басымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әке туралы ой -толғау» атты эссесімен оқушыларды таныстырып, өз ойларын ашық жеткізуге талпындыру.



<https://www.instagram.com/p/CyUy3QKRLh/?igsh=MW94YjkyYzUwdHRwNg=>

Кітапханада жыл сайын қазан айында болатын тамаша дәстүрлерінің бірі – Ашық есік күнін өткізді. Бұл іс-шара кітапханаға жаңа оқырмандарын тарту және кітапханалық қызметтермен таныстыру мақсатында өтеді. Кітапханашылар оқушыларға оқу залдарын көрсетіп саяхат өткізіп, кітапхананың кітап қорымен таныстырып, оқырмандарды үйірмеге қатысуға шақырды. «Ашық есік» күнін өткізудегі мақсат кітапханаға келген әрбір оқырманға ақпаратты пайдалануда және оқырмандарды кітап оқуға дағдыландыру. Білімнің қайнар көзі-кітап екені баршаға мәлім. Сондықтан да, кітап адамзаттың баға жетпес құндылығы деп білеміз. Тек кітап қана дәл мәнді білім береді, себебі, ол адамды терең ойлауға жетелейді. Бүгінгі

«Ашық есік күніне» қатысқан оқырмандар кітап оқудың терең тәрбиелік мәнін түсініп, кітап оқитын қоғамға өз үлестерін қосуға ниеттерін білдіріп қайтты. Өткізілген күні: 23.10.2023жыл.



<https://www.instagram.com/p/CyyaCgDNprB/?igsh=MXNvMXBxODNnYmF4OQ==>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 8 «ж» сынып оқушылары арасында «Жаныма жақын бір кітап» атты пікір сайыс өткізілді. Әр оқушы жанына жақын бір кітапты оқып, мазмұнымен бөлісті. Өткізілген күні: 24.10.2023жыл, Өткізілген орны: Кітапхана, Қатысушылар: сынып оқушылары мен жетекшісі Жуманазарова Жансая Пірманханқызы, жауаптылар: А.С.Искакова, Есиркепова А.Т. Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімінің пайдасы жөнінде түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оны күтіп ұстауға тәрбиелеу.



<https://www.instagram.com/p/CyyaHfytwSP/?igsh=em9jaGdtbjd4OHln>

Гимназия кітапханасында, тарих пәні мұғалімі Тажибаева Гулнур Мынбаевна, 10 «А» сынып оқушылары қатысуымен кітапхананың пайда болу тарихы бойынша кіріктірілген сабақ ұйымдастырылды. Өткізілген күні: 24.10.2023жыл, Өткізілген орны: Кітапхана, жауаптылар: А.С.Искакова, Есиркепова А.Т. Мақсаты: Оқушылардың білім деңгейін көтеру, ұжымдық түрде білім алуға баулу, сөздерді өзара байланыстырып, грамматикалық тақырыптармен ұштастыру; Кітапхана туралы білімдерін кеңейту. Оқушының білімдік танымдарын өмірмен байланыстыра отырып арттыру. Сөздік қорын молайту. Оқушылардың білімге деген құштарлығын

арттыру. Ұйымшылдыққа, ізденімпаздыққа, іскерлікке үйрету. Адамгершілік пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұлттық кітапхана туралы ақпарат беру.



<https://www.instagram.com/p/Cy4jnUgK3-V/?igsh=M29ncWQ3d2lsMGpx>

Гимназия кітапханасында, қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Сыздыкова Даржан Жумагазиевна, 5-7 сынып оқушылары қатысуымен, «Дарын» жастар сыйлығының иегері, ақын Арман Шеризатпен кездесу өтті. Кездесу барысында оқушыларымыз ақын ағаларына көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, алға қойған мақсаттарымен бөлісті. Өткізілген күні: 26.10.2023 жыл, Өткізілген орны: Кітапхана, жауаптылар: А.С.Искакова, Есиркепова А.Т. Ақын кітапханаға жаңадан жарық көрген өлеңдер жинағын сыйға тартты.



<https://www.instagram.com/p/Cy8yYXRN80P/?igsh=Nmw3eDljdjM0emQ1>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 9 «е», 9 «ә», 9 «г», 9 «д» сынып оқушылары арасында «Жаныма жақын бір кітап» атты пікір сайыс өткізілді. Әр оқушы жанына жақын бір кітапты оқып, мазмұнымен бөлісті. Өткізілген күні: 16.11.2023 жыл, Өткізілген орны: Кітапхана, Қатысушылар: сынып оқушылары мен 9 «ә» сынып жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Кабдулова Айжан Тургановна, жауаптылар: А.С.Искакова, Есиркепова А.Т. Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру,

кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімінің пайдасы жөнінде түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оны күтіп ұстауға тәрбиелеу. Оқушылар Абай Құнанбаевтың «Ескендір поэмасы», Б.Момышұлының «Ұшқан ұя», Орыс ақын жазушылардың поэмалары, Қ.Аманжоловтың «Қасымның өлеңдері» т.б шығармаларымен танысты.



<https://www.instagram.com/p/Czyf2UjNsN-/?igsh=MWp4cHVnc2Z2aTMzcg==>

"Кітапхана әлеміне саяхат" тақырыбында 1-сынып оқушыларын кітапханамен таныстыру және оқырман қатарына тарту мақсатында саяхат сабағы ұйымдастырылды. Мақсаты: Кітапхана өмірімен таныстыру, білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру, кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру, оны күтіп ұстауға үйрету, оқушылардың түрлі оқулықтарды оқуына ұйытқы болу. Сонымен қатар, сауаттылық пен оқу мәдениетін қолдау, оқушылардың ана тіліне деген патриоттық сезімін ояту. Өткізілген күні: 29.11.2023жыл, Өткізілген орны: Кітапхана, Қатысушылар: 1 «И», сынып оқушылары мен жетекшісі Имашева Гульмира Достановна, жауапты: А.С.Искакова. Сабақ барысында оқушыларға кітапхана жайлы ақпарат беріліп, балаларға арналған көптеген ертегі кітап қорының бар екендігі көрсетілді. 1-сынып оқушылары кітапханамен, кітапхананың ережесімен танысты. Сабақта балаларға кітапханада дауыстап сөйлеуге, тамақ жеуге, ұялы телефонмен сөйлесуге, рұқсатсыз кітапты алуға, оны еденге тастауға болмайтыны айтылды. Сабақ соңында оқушылар өздеріне кітапхана

ұнағанын ,білімді,мәдениетті азамат болып қалыптасу үшін кітап оқу керектігін түсінді.



<https://www.instagram.com/p/C0QVfskKbYA/?igsh=dXMyMDBsZXNuc3Fl>

17 қаңтар 2024 жылы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жоспарға сәйкес **"Ұстаздар оқу клубы"** ұйымдастыруымен мектепшілік ұстаздар арасында **«Мен оқыған бір кітап» сайысы** өткізілді. Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Әрбір тұлғаның кітап оқу арқылы кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту. Оқырманның кітапқа деген ерекше көзқарасын қалыптастыру. Сайысқа 5 әдіс бірлестіктен ұстаздар қатысып, белсенділік танытты. Қатысушылар: Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Ормыш Ақерке Өмірзаққызы, қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Саурыкова Жангүл Алжаппарқызы, қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Амирова Гүлманат Онербекқызы, Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Нурғалиқызы Айшуақ, математика пәнінің мұғалімі Ұзақова Гулмайра Ақболатқызы. Сайысқа қатысқан ұстаздарымыздың әділ бағасын қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Боданов Аманкелді Нұрланұлы берді. Сайысқа қатысқан математика пәнінің мұғалімі Ұзақова Гулмайра Ақболатқызы I орынмен, қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Амирова Гүлманат Онербекқызы II орынмен, Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Нурғалиқызы Айшуақ III орынмен марапатталды. Белсене қатысқаны үшін дипломмен марапатталған ұстаздар: Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Ормыш Ақерке Өмірзаққызы, қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Саурыкова Жангүл Алжаппарқызы. Ұйымдастырушылар : "Ұстаздар оқу клубының "жетекшісі

Смагулова Сандугаш Женисовна, кітапхана меңгерушісі Искакова Ақбота Солтановна.



https://www.instagram.com/p/C1_DNmVq7uW/?igsh=czVxaWxweGVuM3N5

І.Есенберлин атындағы мектеп – гимназиясында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Үнемі оқитын адам-табысты адам» тақырыбында оқырмандармен кездесу ұйымдастырылды. Жоба аясында 5 «З» сынып оқушылары арасында пікір сайыс өткізілді. Әр оқушы дайындалған шығармаларын оқып, мазмұнымен бөлісті. Өткізілген күні: 17.01..2024жыл, уақыт: 14.00 .Өткізілген орны: Кітапхана, Қатысушылар: жауаптылар: 5 «З» сынып жетекшісі Әмитова Ж.Б, кітапхана меңгерушісі А.Искакова. Мақсаты: кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру; мәдениетті, парасатты, рухани ойлауы терең, ар - ождан мол еңбекқор ұрпақты тәрбиелеу; кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге баулу.





<https://www.instagram.com/p/C2Ry6K5tyGe/?igsh=OHVoaHVqdGcwemJs>

17 қаңтар 2024 жылы І.Есенберлин атындағы мектеп - гимназия кітапханасында Ілияс Есенберлиннің туғанына 109 жыл толуына орай «Есенберлин тағылымы» атты айлық іс-шарасы аясында «Отбасылық оқу клубы» ұйымдастырған «Көңіл-дастан» жазушының шығармаларын жатқа мәнерлеп оқу байқауына 1-сынып оқушылары ата-аналарымен бірге қатысты. Мақсаты: мектеп оқушылары мен ата-аналары арасында жазушының тарихи және әдеби мұрасымен танысу, насихаттау, оқушылардың әдеби тіл байлығын кеңейту, көркем сөз оқу шеберлігін дамыту. Аталмыш іс-шара барысында кішкентай қатысушыларымызды жас кезінен кітап оқуға қызықтырып, отбасылық оқу дағдыларына бейімдеу, кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру көзделді. Ата-аналар мен оқушылар ақынның «Анам тілі», «Домбыра», «Айша», «Біржан сал», «Құлпырады жасыл көктем», «Адам-мәңгілік», т.б шығармаларын мәнерлеп жатқа оқыды. Жас ақын-шәкіртіміз Абдіқадыр Ернұр өзінің Ілияс Есенберлинге арнаған жүрекжарды өлең-жырын арнады. Көрермендер арасынан 10-сынып оқушысы Каюпова Әдемі ақынның «Әбу Насыр Мұхамед әл Фараби» дастанынан үзіндіні нақышына келтіре жатқа оқып берді. Ұйымдастырушылар: «Отбасылық оқу клубы»

<https://www.instagram.com/p/C2boXBgt2CV/?igsh=MTU2dDcyZzUwa2w0Zw==>

«Мен оқыған бір кітап» TEDx – форматында іс шара өткізілді. Аталмыш шараға гимназияның 8 - 9 сынып оқушылары өздері оқыған кітаптарының ішіндегі ең қызықты деген шығармаларды қысқаша баяндап өз құрбыларына оқуға ұсынды. Шараның мақсаты: қатысушыларды жаңа және қызықты кітаптармен таныстырып қана қоймай, есте сақтау, назар аудару, зейінділік, логикалық ойлау, икемділіктерін дамытуға да мүмкіндік берді және оқушылардың жолдастық қарым-қатынасының дамуына ықпал ететін көптеген жағымды және қуанышты эмоциялар туғызды. Спикерлердің белгілі бір аудитория алдында өзіндік пікір еркін жеткізуге, сөз байлығын кеңейтуге тәрбиелейді.



<https://www.instagram.com/reel/C6Jl2STNy7F/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==>

29 сәуір гимназия кітапханасында, Жасыл аймақ» апталығы аясында «Табиғатты аялайық ! » кітапханалық квесті өткізілді. Кітапханалық квесттің бағыты табиғат тақырыбына байланысты болды. Ойын қатысушыларды жаңа және қызықты кітаптармен таныстырып қана қоймай, есте сақтау, назар аудару, зейінділік, логикалық ойлау икемділіктерін дамытуға да мүмкіндік берді. Ойын тапсырмалары қатысушылардың қарым-қатынасының дамуына ықпал ететін көптеген жағымды және қуанышты эмоциялар туғызды. Аталмыш шарада оқушылармен табиғат тақырыбында викторина ойыны ойнатылды, красворд шешу бойынша, кім жылдам ойыны және табиғат тақырыбында өлең жазған авторлардың кітаптарын тауып, өлеңді мәнерлеп оқу тапсырылды. Оқушылар ойын барасында үлкен қызығушылықпен әр тапсырманы жылдам орындауға тырысып белсенділік танытты.



<https://www.instagram.com/reel/C6YzSWLNbZs/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==>



«ЭКО – 8 минуттық оқу» жобасы аясында кітаптар оқу, экологияға байланысты мақалалар, кітаптар оқу алаңы, гимназия кітапханасында ұйымдастырылды. Аталмыш шарада 6 сынып оқушылары Қазақстанның экология тақырыбындағы өздерінің оқыған кітаптарымен бөлісті. Белсенді оқушылар тақырыпқа сай ұйымдастырылған ребустарды шешуге тырысты. Бір топ оқушылар табиғат тақырыбына жазылған ақындардың өлеңін оқыса, бір



тобы тақырыпқа сай суреттер салып салған суреттеріне әңгіме құрастырып әңгімелеп берді.

<https://www.instagram.com/reel/C6HH8DBNGxK/?igsh=MTc4MmM1Yml2Ng==>

Кітапханашылары мен тәлімгер Қожан Гүлнар және Жанкур Мадинаның ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Суретке қарап шығарманы тап әдеби сабағы өткізілді. Аталмыш шара барысында 5 «д» сынып оқушыларына көптеген әдеби шығармалардың суреттері көрсетіліп, осы сурет қандай шығармаға тән екенін тауып айту және сол шығарманы қысқаша мазмұндап беру сұралды. Айталық «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің суреті көрсетілгенде балалар белсенділік танытып ертегіні толығымен айтып шықты. Ы.Алтынсариннің «Атымтай жомарт» шығармасына тән суреттерді көрсеткенде оқушылар, шығарманың идеясы мен ой салар мақсатын дөп басып суреттеп берді. Қобыланды батыр жырында суретке қарап қысқаша жырдың мазмұнын айтып шығуға тырысты. Іс – шараны ұйымдастырудағы мақсат: оқушылардың оқыған шығармаларын еске түсіру және өз ойларын жетік жеткізе білуге баулу арқылы оқу мәдениет қалыптастыру, ой – өрісін, логикалық ойлау қаблетін дамыту, көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру болды.



<https://www.instagram.com/reel/C6G82ndNfV8/?igsh=MTc4MmM1Yml2Ng==>

«Амал келді, жыл келді» тәрбие сағаты өткізілді. Өткізілген күні: 14.03.2024 жыл, Өткізілген орны: Кітапхана, Қатысушылар: 6 «л» сынып оқушылары мен жетекшісі Жусупова Анар Орынбасаровна, жауаптылар: А.С.Искакова, Омарова М.М. Мақсаты: оқушыларға 14 наурыз «Амал мерекесі» жайында



мағұлмат беру және ұлттық құндылық жайында таныстырып, отан сүйгіштікке тәрбиелеу болды. Шара барысында оқушыларға «Наурыз» мейрамының шығу тарихын және «Амал мерекесінің» аталып өту дәстүрі жайында ақпарат берілді. Видео көрсетілді. Шараға қатысушылар екі топқа бөлініп ұлттық ойындар (асық ату, бес асық) ойналып, «Наурыз» тақырыбында пазл құрастыру бойынша жарыс өткізілді. Шара соңында балаларға тәтілер үлестірілді. Соңында оқушылар алған әсерлерімен бөлісіп ұйымдастырушыларға өз алғыстарын айтып тарқасты.



<https://www.instagram.com/reel/C4gFoYNNHCj/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==>

23 сәуір – Дүниежүзілік кітап күніне орай гимназия кітапханасында 4 сынып оқушыларымен «Кітап - тарих, шежіре!» тақырыбында, тәрбие сағаты өткізілді. Бұдан 41 жыл бұрын, яғни 1972 жыл – ЮНЕСКО - ның шешімімен «Халықаралық кітап жылы» деп аталса, 1995 жылы 23 сәуір - «Халықаралық



кітап күні» деп жарияланды. Міне, содан бері бұл күн аталып өтілуде. Кітап – адам баласы ақыл-ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал, білім мен тәрбие көзі. Ол – адамзат жасаған ең ұлы кереметтердің бірі. Аталмыш шара барысында оқушыларға кітапты қалай күтіп ұстау керек жайында ой салатын кеңес беретін фильм көрсетілді. Мақал –мәтел жалғастырып оқу ойыны ойнатылды. Шара барысында оқушылар



өздерінің оқыған ертегілерін айтып берді.

<https://www.instagram.com/reel/C6Iz2SjN7Ab/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==>

2 сәуір Халықаралық балалар кітабы күнін мерекелеу аясында және ұлы даниялық жазушы Ханс Христиан Андерсеннің (1805-1875) туған күніне орай «Кітап – ғажайып әлем» тақырыбында ақпарат сағаты өткізілді. Аталмыш шарада кітапханшы балаларға халықаралық кітап күнінің, кітаптың шығу тарихын, Г.Х. Андерсеннің өмірбаяны және оның керемет ертегілері туралы қызықты мағұлматтар беріліп, кітапхана қорындағы төменгі сынып



оқушыларына арналған жаңа кітаптарға шолу жасалынды. Мақсаты: кітап әр адамның сауалына жауап беруде бар нұрын құятыны сөзсіз. Ол барлық мәселені шешіп, алға жылжуға мүмкіндік беретіндігін түсіндіре отырып кітапқа деген қызығушылығын арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, кітапты сүйуге, таза ұстауға тәрбиелеу.



<https://www.instagram.com/reel/C5XZq-YNevr/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==>

7-8 сынып оқушыларымен 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай «Тарихтан тағылым-өткенге тағзым» атты ақпарат сағаты өткізілді. Шара барысында, білім алушылар сол жылдардың ауыртпалығы, ұлтымызға жасалған үлкен соққы, репрессия құрбандары туралы мәліметтермен танысты. АЛЖИР, КАРЛАГ лагерлерінің тарихы жайында мәлімет беретін видео көрсетілді. Шараның мақсаты, Қазақ халқының тарихындағы қасіретті кезеңде солақай саясаттың құрбаны болған қазақ халқының зиялылары туралы мағлұмат беру, осы тұлғалардың еңбектері жайында ақпарат бере отырып, олардың есімдерін құрметтеуге, ұмытпауға, отанды сүйуге тәрбиелеу болды.



<https://www.instagram.com/p/C7mb2IJNVTZ/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==>